



Бузаканова А.Б., Табулденова Г.Б. Қазақстан Республикасының Құқық қорғау органдары: оқу құралы. А.Б. Бузаканова, Г.Б.Табулденова. – Алматы: «ADAL KITAP», 2026. – 176 б.
ISBN 978-601-384-544-9

Оқу құралында Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының, сондай-ақ адамның құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделерін қорғау мақсатында құқық қорғау функциясын орындайтын органдардың жүйесіне, құрылымына, қызметін ұйымдастыруға және жүзеге асыруға арналған мәселелер ашылады.


Бұл оқу құралы ведомстволық оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушыларына, жоғары оқу орындарының студенттеріне, сондай-ақ Қазақстанда құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету мәселелеріне қызығушылық танытқандарға арналған.



Исергепова А.К., Овчинникова И.В., Уалиева А.Ж., Мұрат А. Сотқа дейінгі пробация теориясы мен практикасы: оқу құралы / автор-құрастырушылар:, А.К.Исергепова., И.В.Овчинникова., А.Ж Уалиева., А.Мұрат. - Алматы: ADAL KITAP, 2026.–89 б.
ISBN 978-601-384-553-1

Осы оқу құралы Қазақстан Республикасында сотқа дейінгі пробацияның теориялық және ұйымдық-құқықтық негіздеріне арналған. Авторлар қылмыстық процессте сотқа дейінгі пробацияның маңыздылығын талдап, күдікті мен айыпталушының жеке басының негізгі аспектілерін қарастырылып отырған пробация моделінің тақырыбы ретінде ашты. Сотқа дейінгі баяндаманы дайындау және жасау тұрғысынан сотқа дейінгі пробацияны іске асырудың процестік бөлігіне ерекше назар аударылды. Сотқа дейінгі пробацияны жүзеге асыру және соттардың дайындалған материалдарды зерделеуі бойынша пробация қызметінің шетелдік тәжірибесі ұсынылған.

Оқу құралы курсанттарға, тыңдаушыларға, магистранттар мен докоранттарға құқықтану саласындағы оқу пәндерін игеру шеңберінде, сондай-ақ зерттелетін құқықтық құбылысты кеңінен түсіндіруді көздейтін факультативтік арнайы материал ретінде пробация қызметінің қызметкерлеріне арналған.



Искаков К.Д., Тулеуов П.Ж. Цифрлық криминалистика: оқу-тәжірибелік құрал / Искаков К.Д., Тулеуов П.Ж. – Алматы: «ADAL KITAP», 2025. – 221 б.
ISBN 978-601-384-191-5

«Цифрлық криминалистика» атты оқу-тәжірибелік құралы ішкі істер органдары жүйесінің оқу орындарының курсанттарына, заң факультеттерінің студенттеріне, магистранттар мен докоранттарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының тәжірибелі қызметкерлеріне арналған. Бұл құрал цифрлық криминалистика саласындағы ең қарқынды дамып келе жатқан бағыттардың біріне арналған өзекті және мазмұнды еңбек болып табылады.



А.Б. Акылбекова, С.Т. Утегенова Адам құқықтарының жалпы теориясы: Оқу құралы. - Алматы: ADAL KITAP, 2023 – 133 бет.
ISBN 978-601-7931-54-4

Авторлар адам құқықтарының күрделілігі мен жан-жақтылығын, олардың мәнін, генезисін, әлеуметтік тамырларын, мақсатын, құқықтық және әлеуметтік мемлекетпен байланысын көрсетуге тырысты. Оқу құралында адам құқықтары мен бостандықтары жүйесін қалыптастырудың, оларды қорғау тетіктерін дамытудың тарихи кезеңдері ашылды және де осы саладағы отандық және шетелдік тәжірибе салыстырылды. Адам мен азаматтың құқықтық мәртебесіне, адам құқықтарының құрылымына, олардың құқықпен, саясатпен және оларды қамтамасыз етудің ішкі және халықаралық нысандарының адамгершілігіне және қорғауына көп көңіл бөлінеді.
Оқу құралы адам құқықтары туралы жүйелі білім беруді мақсат ететін білім алушыларға, магистранттарға, заң және басқа да жоғары оқу орындарының оқытушыларына, заңгерлерге – ғылыми және тәжірибелік қызметкерлерге, сондай-ақ қызығушылық танытқандардың барлығына арналған.




Нұрыш З.З.«Киберқауіпсіздік негіздері». Оқу құралы. – Алматы: «ADAL KITAP» баспасы, 2025. – 273 б.
ISBN 978-601-384-091-8

Оқу құралы білім алушыларды цифрлық сауаттылық пен киберқауіпсіздік негіздерімен таныстыруға бағытталған. Бакалавриат мамандығы бойынша қарастырылатын тақырыптық жоспарына сәйкес 10 тақырыппен қамтыла отырып құрастырылған.
Оқу құралы ішкі істер органдары жүйесінің оқу орындарының курсанттарына, тыңдаушыларына, магистранттары мен оқытушыларына, практикалық қызметкерлерге арналған.



Жұмағұлов А.Ғ. Киберқылмыстарды тергеу кезіндегі тергеу әрекеттерінің тактикасы: Әдістемелік ұсынымдар. / А.Ғ. Жұмағұлов. Алматы: ADAL KITAP, 2026. – 42 б.
ISBN 978-601-384-533-3

Бұл әдістемелік ұсынымдар интернет желісінде жасалатын алаяқтық пен ақпараттық қауіпсіздік саласында киберқылмыстың түрлері, себептері мен алдын алу шараларын тереңірек зерттеуге және практикалық қолдануға арналған.
Ұсынылған әдістемеде желілік шабуылдар, фишинг, зиянды бағдарлама, DDoS, деректерді заңсыз алу және кибер алаяқтық секілді киберқылмыстық әрекеттерге қатысты анықтамалар, негіздемелер мен құқықтық нормаларға шолу берілген.
Әдістемелік ұсынымдар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуші ғалымдарға, жоғары оқу орындарының оқытушыларына, киберқылмыс қызметкерлеріне және ақпараттық қауіпсіздігін арттыруға мүдделі барлық адамдарға арналған.




А.М. Ғалым, Н.К. Маханбетов. Криминалистика бойынша практикум: оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: ADAL KITAP, 2025. - 81 б.
ISBN 978-601-384-086-4

Оқу-әдістемелік құралда теориялық материалдар, өзін-өзі даярлауға арналған сұрақтар, практикалық міндеттер, практикалық тапсырмалар ұсынылған, оларды пайдалану криминалистика бойынша практикум курсының тақырыптарын өз бетінше бекітуге көшуге мүмкіндік береді және студенттерге жалпы жоғары оқу орнының криминалистика курсын оқуға мүмкіндік береді. Бұл жұмыс оқытушыларға, тыңдаушыларға, курсанттарға, докторанттарға, магистранттарға арналған. Материал қазіргі заманғы криминалистика мәселелері бойынша әдебиеттерді талдау және криминалистикалық құралдарды қолдану тәжірибесі негізінде баяндалған.



Әбілқас П.Қ. Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы (анықтамалар мен сызбалар): Оқу құралы / Әбілқас П.Қ.. — Алматы, «ADAL KITAP», 2025. — 196 б.
ISBN 978-601-384-307-0

Оқулықта Қазақстан Республикасының Конституциясы, заңдары және өзге де нормативтік құқықтық актілерге талдау жасау негізінде Қазақстан Республикасы конституциялық құқығының пәнін құрайтын негізгі конституциялық-құқықтық институттардың мазмұны қарастырылады. Бұл оқулық Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығына орай дайындалған.
Курсанттарға, студенттерге, оқытушыларға және кең оқырман қауымға арналған.



Қалқаманұлы М. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері: оқу құралы / М. Қалқаманұлы. – Алматы: ADAL KITAP, 2024. – 136 б.
ISBN 978-601-361-374-1

Ішкі істер органдарындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет оқу құралы Қазақстан Республикасы ІІМ жоғары оқу орындарының оқу бағдарламасына кіреді. Оқу құралында сыбайлас жемқорлықтың тарихи аспектілерін талдау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың теориялық-құқықтық негіздері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың және Еуропалық және Азия өңірінің құқық қолдану практикасының ерекшеліктері, Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына қарсы күрестің әкімшілік құқықтық және қылмыстық-құқықтық шаралары, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің негіздері дәйекті түрде қаралады. Оқу құралы курсанттар, тыңдаушылар, студенттер, сондай-ақ оқытушылардың сабаққа дайындалуына немесе оқу процесінде пайдалануына арналған.




Нурланов Е.Н. Каирова Н.И. Ғылыми зерттеу әдістері: оқу құралы / Е.Н.Нурланов. Н.И.Каирова – Алматы: «ADAL KITAP», 2025. – 157 б.
ISBN 978-601-384-481-7

Осы оқу құралында «ғылыми зерттеулер әдістері» пәнін оқуға арналған курс баяндалған. Ғылыми зерттеудің әдіснамасы мен әдіснамалық негіздері, ғылыми жұмыстың түрлері, ғылыми зерттеудің ұйымдастырушылық мәселелері, ғылыми зерттеу нәтижелерін көпшілік алдында ұсыну кезеңдері, ғылыми еңбек этикасы, ғылыми ұжымды басқару мәселелері қаралды. Оқу құралы Теориялық және практикалық қызығушылық тудырады, пайдалы материалдардан тұрады.


Оқу құралы ІІО қызметкерінің зерттеуші және ғылыми қызметкер ретіндегі ғылыми көзқарастарын қалыптастыру үшін ғылыми зерттеу әдіснамасын зерттейтін магистранттарға арналған.

Оқу құралы 6В12301 «Құқық қорғау қызметі», даярлау бағыты бойынша курсанттарға, сондай-ақ оқытудың барлық нысандарындағы студенттерге, ғылыми және практикалық қызметкерлерге арналған.




Қалқаманұлы М., Базарбаева А.Б. Основы антикоррупционной культуры: практикум. – Алматы: «ADAL KITAP», 2024. – 133 с.
ISBN 978-601-7681-89-0

Дисциплина «Основы антикоррупционной культуры» входит в учебную программу высших учебных заведений МВД Республики Казахстан. В практикуме последовательно рассматриваются анализ исторических аспектов коррупции, теоретико-правовые основы противодействия коррупции, особенности антикоррупционного законодательства и правоприменительной практики Европейского и Азиатского регионов, административно-правовые и уголовно-правовые меры борьбы с коррупционными правонарушениями в Республике Казахстан.
Практикум предназначен для обучающихся (курсантов, слушателей, студентов, магистрантов), а также для использования преподавателями в учебном процессе.




Есиркепов Ж.М. Фитнестің заманауи түрлері. Оқулық. - Алматы: «ADAL KITAP», 2025. - 168 бет.
ISBN 978-601-384-268-4

Бұл оқулықта фитнестің тарихи дамуы, түрлері, заманауи бағыттары, әлеуметтік және психологиялық әсері жан-жақты қарастырылады. Фитнестің дене дайындығын арттырумен қатар, адамның эмоционалық жағдайы мен әлеуметтік қарым-қатынасына оң ықпалы сипатталады. Сонымен қатар, заманауи фитнес индустриясының мүмкіндіктері - технологиялар, онлайн жаттығулар, нутрициология және фитнес-клуб қызметтері талданады. Жеке тәсіл мен салауатты өмір салтын қалыптастырудағы фитнестің рөлі айқын көрсетілген.
Бұл оқулық фитнес саласында білім алып жатқан білім алушыларға, спорт мамандарына, жаттықтырушыларға және салауатты өмір салтын ұстанушыларға арналған.



Құрманбаев Б.І. Спорттық іріктеу негіздері / Оқу құралы. - Алматы: "ADAL KITAP", 2023. - 115 бет.
ISBN 978-601-7200-69-5

Оқу құралында әртүрлі спорт түрлерімен айналысуға іріктеу үшін спорт түрлерінің негізгі ұғымдары, өлшемдері, кезеңдері, ерекшеліктері мен дарындылық мәселелері жан-жақты қарастырылады. Таңдап алған спорт түрін жетілдіру үшін қажетті дене қасиеттерін дамыту әдістері мұқият сараланады.
Оқу құралы 6В01401 - «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы бойынша білім алатын жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған. Балалар мен жасөспірімдердің спорттық қабілеттерін дамыту бағытында жаттықтырушылар мен дене шынықтыру мұғалімдері күнделікті оқу-жаттығу үдерісінде пайдалана алады.



Есиркепов Ж.М., Құрманбаев Б.І.Спорт ғимараттарындағы заманауи технологиялар / Оқу құралы. - Алматы: «ADAL KITAP», 2025. - 365 б.
ISBN 978-601-384-271-4

Электронды оқу құралында заманауи спорт ғимараттарын салу және жабдықтау жөніндегі нормалар, ережелер мен талаптар, ондағы инновациялық қондырғылар туралы материалдар қарастырылады. Ұсынылған тақырыптар пайдалы және болашақ мамандардың кәсіби қызметінде сұранысқа ие. Бүгінгі таңда оқыту әдістемесі мен спорттық жаттығу негіздерін ғана емес, сонымен қатар, спорттық менеджмент, фитнес саласында спорттық ғимараттарды салу мен жабдықтаудың техникалық және инженерлік мәселелерін меңгерген мамандарға қажеттілік артып келетінін ескерсек, бұл электронды оқу құралы болашақ мамандардың кәсіби қызметке қажетті құзыреттіліктерін даярлау және қалыптастыру сияқты оқу міндеттерін шешуге, спорт кешендеріне қойылатын нормалар, стандарттар, талаптар жөніндегі білімді игеруге көмектеседі.




Абдиллаев А.К., Ермаханов Б.Ө., Қуатбеков Ш.Н. Дене шынықтыру және спорт білім беру бағдарламасы бойынша пәндерді оқыту әдістемесі. Оқулық. — Алматы: «ADAL KITAP» баспасы, 2024. 489 б. ISBN 978-601-7200-96-1



Бұл оқулықты Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің оқытушылары, доцент Абдиллаев Абдыкалық, PhD докторы Ермаханов Бағлан және Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы, магистр Шеризат Қуатбеков авторлық бірлестікте әзірлеген. Бұл дайындалған оқулықта «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы бойынша пәндерді оқытудың әдістемесі, мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың, сонымен бірге ересек жастағылар үшін дене тәрбиесінің принциптері мен әдістері, оқытып-үйрету құралдары мен әдістемелері терең мазмұндалады, адамның дене қабілеттері мен мүмкіндіктерінің дамуы үшін ұсынылған жаттығуларға сипаттама беріледі. Сол сияқты спорттың теориясы мен әдістемесі, дене мәдениетінің сауықтыру рекреативтік және реабилитациялық теориясы мен әдістемесі тараулары тиянақты мазмұндалған.Ұсынылған әдістемелер ғылыми тұрғыда негізделген, адамдардың әртүрлі жастағы топтарының өміріне дене мәдениетін бағытты пайдалануда нақтылы материалдармен байытылған.Оқулық арнайы жоғары оқу орны магистранттары мен студенттері үшін ғана емес, арнаулы оқу орындары студенттеріне және жалпы білім беретін мектеп дене тәрбиесі пәні мұғалімдеріне де пайдалануға арналған.




Есиркепов Ж.М., Омаров Б.С. Балалар-жасөспірімдер және кәсіби спорттың теориясы мен әдістемесі / Оқулық. – Алматы: ADAL KITAP, 2024. – 277 б.
ISBN 978-601-384-017-8

Оқулықта балалар-жасөспірімдер мен кәсіби спорт негіздерінің ғылыми бағыттарына теориялық негіздеме беріледі. Атап айтқанда: спорт мектептеріндегі спорттық жаттығу дайындықтарының ерекшеліктері, спорттық дайындық, спортқа іріктеу, оның қоғамдағы маңызды рөлі, жаттықтырушыға қажетті құжаттар тізімі, қызметтік және тәрбие бағытындағы іс-қимылдың (әрекеттің) танымдық тақырыптары, спорттық жарыстардың маңызы және оларды жоспарлау, балалар-жасөспірімдер спорт мектептеріндегі оқу-жарыстық дайындық жүйесінің сипаттамасы, балалар-жасөспірімдер спорт мектептерінде спортшыларды дайындаудың теориялық негіздері, кәсіби спорт негіздері,олимпиадалық спортты кәсібилендіру, кәсіби спорттың ерекшеліктері, АҚШ, Еуропа елдері мен еліміздегі кәсіби спорттың даму барысы жан-жақты қарастырылады.
Сонымен бірге оқулықта білім алушылардың білімін жетілдіру бағытында тест сұрақтары мен әр тақырыптың соңында бақылау сұрақтары беріледі. Оқу құралының мазмұны текстологиялық тұрғыдан ұғымды, ұтымды, тартымды тілмен баяндалған.Оқулық «Дене мәдениеті және спорт», «Дене мәдениеті және бастапқы әскери дайындық» білім беру бағдарламаларында оқитын студенттер мен магистранттарға және осы оқу орындарында дәріс беретін оқытушыларға арналған.

	Анарбаев А.К. Спорттық күрестегі техниканы оқыту және жетілдіру: оқу құралы / Анарбаев А.К. - ADAL KITAP, 2023. – 312 б. ISBN 978-601-7200-45-9 Бұл оқу құралында спорттық күрестің теориясы мен тәжірибесі мәселелерінің біріне, яғни негізгі техниканы үйренуден бастап, көпжылдық дайындықтың түрлі кезеңдерінде балуандардың жарысушылық қызметіндегі техникалық әрекеттердің ерекшеліктерін зерттеу негізінде жоғары білікті спортшылармен жетілдіруге дейін, күрестің негізгі техникасын меңгеру мазмұны мен реттілігін жетілдіру мәселелеріне арналады. Спорттық күрестегі балуандардың техникалық, тактикалық, физикалық және психологиялық дайындығы сапасын түзету мен жақсарту үшін пайдалануға болады. Оқу құралы «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасында оқитын студенттерге, күрес жаттықтырушыларына, магистранттарға және спорттық күрес мәселелеріне қызығушылық танытқандар азаматтарға арналады.
	Есиркепов Ж.М. Дене мәдениеті және спорт теориясы мен әдістемесі. - Алматы: «ADAL KITAP», 2025. - 448 бет. ISBN 978-601-384-270-7 Оқулықта дене мәдениеті мен спорт теориясы мен әдістемесінің ғылыми бағыттарына теориялық негіздеме беріледі. Атап айтқанда: дене тәрбиесінің құралдары, қағидалары, дене жаттығуларының жіктелуі, дене қасиеттерін дамыту әдістері, спорттық жаттықтыру негіздері, спорттық жаттығу сабақтарын жоспарлау технологиясы, көпжылдық дайындық үдерісінде спорттық іріктеу, спортшылар дайындығын есепке алу және кешенді бақылау негіздері жан-жақты баяндалады. Оқулық «Дене мәдениеті және спорт», «Дене мәдениеті және бастапқы әскери дайындық», «Спорт түрінің жаттықтырушысы» білім беру бағдарламаларында оқитын колледж, университет студенттері мен магистранттарға және осы оқу орындарында дәріс беретін оқытушыларға арналған.

	Есіркепов Ж.М. Әбдісалан Нұрмаханов: спортшы, ғалым, бапкер / Монография. – Алматы: ADAL KITAP, 2024. – 320 б. ISBN 978-601-09-7780-8
	Монографиялық еңбекте көзінің тірісінде лайықты құрмет-қошемет көрмей, асқақ кеудесі ілікпей, алтын басы ноқтаға сыймай кеткен Әбдісалан Нұрмахановтай даңқты спортшы, көрнекті ғалым, білікті бапкердің қазақ боксының дамуына сіңірген ерен еңбегін ұлықтап, жастарды спорт өнері арқылы ұлттық рух, болмысқа, намысқа, отансүйгіштікке тәрбиелеуге бағытталған спорттағы толағай жетістіктеріне, бапкерлік қызметіне, ғылыми-педагогикалық мұрасына жан-жақты талдау жасалады. Сонымен қатар, Әбдісалан Нұрмахановтың ғылыми-педагогикалық, бапкерлік қызметіне әріптес қоғам және мемлекет қайраткерлері, білікті мамандар мен даңқты спортшылардың пікірлері, естеліктері, Қазақстанның тәуелсіздік жылдарында бокстан ұлттық құраманың тізгінін ұстаған бас жаттықтырушылардың жетістіктері, Қазақстан боксының тарихынан мәліметтер беріледі. Монография «Дене шынықтыру және спорт» ББББ білімгерлеріне, жаттықтырушыларға, ізденуші жас мамандарға арналады.
	Ермаханов Б.Ө., Исаев А.И.Дене тәрбиесі және салауатты өмір салты. Оқулық / -Алматы: ADAL KITAP, 2024 - 277 бет ISBN 978-601-7209-95-4
	Бұл оқулықты Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің PhD докторы Ермаханов Бағлан мен Халықаралық туризм және меймандостық университетінің PhD докторы Исаев Абдінабі авторлық бірлестікте әзірлеген. Оқулықта оқушылар мен студенттерге дене шынықтыру, салауатты өмір салты саласында қажетті құзыреттілікке қол жеткізуге мүмкіндік беретін ғылыми-теориялық және әдістемелік ақпараттар көрсетілген. Сондай-ақ қоғамдағы, сауықтыру кешендеріндегі салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелері, дене тәрбиесі мен спорттың маңызы, жеке тұлғаны дамыту саласындағы отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері, сауықтыру үрдісін ұйымдастыру теориясы мен идеялары зерделенді. Оқулық жоғары оқу орны магистранттары мен студенттері үшін ғана емес, арнаулы оқу орындары студенттеріне және жалпы білім беретін мектеп дене тәрбиесі пәні мұғалімдеріне де пайдалануға арналған. Оқулық Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы шкаласы ((WHOQOL-BREF) KAZ) көрсеткіштерін талдау негізінде жоғары оқу орны білімгерлерінің салауатты өмір салтын қалыптастыру» (жеке тіркеу номері: AP19676522) тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды.




Омаров Б.С., Сейдахметов Е.Е., Туякбаева М.Ш. Дене шынықтыру (Жоғарғы оқу орнының студенттеріне арналған): оқу құралы. / Б.С.Омаров., Е.Е.Сейдахметов., М.Ш.Туякбаева – Алматы: ADAL KITAP, 2022. - 203 б.
ISBN 978-601-269-193-1

Бұл оқу құралында жоғарғы оқу оқу орнының студенттеріне «Дене шынықтыру» пәні бойынша білім берудің ерекшеліктері қарастырылған. Оқу құралының мақсаты кәсіби қызметке даярлау үшін, болашақ еңбек қызметінде денелік жүктемелерді, жүйке психикалық қысымдарды және жайсыз факторларды табанды өткеруге, салауатты өмір салтын қалыптастыру, денсаулықты сақтау, нығайтуды қамтамасыз ететін студенттердің әлеуметтік-жеке тұлғалық құзіреттіліктерін және дене шынықтырудың құралдары мен әдістерін мақсатты түрде пайдалану қабілеттерін қалыптастыруға бағытталған. Бұл оқу құралында жоғарғы оқу орнының студенттеріне денелік даярлылық деңгейін арттыру мен дене қасиеттерін дамыту, жүрек жұмысының көрсеткіштері тыныс алу, жүйке жүйесі, шаршау және қалпына келтіру процестері қарастырылған. Кәсіби қолданбалы дайындықтың мақсаты мен міндеттері, дене саулығының деңгейін кешенді бағалау, салауатты өмір салтының тиімділігінің критерийлері көрстілген.
Оқу құралы дене шынықтыру және спорт саласы қызметкерлеріне, оқытушыларға , жаттықтырушылар мен спорттық нұсқаушыларға, жоғарғы оқу орындарындағы студенттерге арналған.




Мұстафаев С.Ш. Дене шынықтыру және спорт менеджменті мен экономикасы / Оқу құралы. - Алматы: ADAL KITAP, 2023. – 188 бет.
ISBN 978-601-7200-70-1

Оқу құралы дене шынықтыру және спорт менеджменті мен экономикасының өзекті мәселелерін, сондай-ақ қазіргі кезеңдегі спорттағы спорт менеджментінің теориясы мен практикасын терең зерттеуге арналған. Пәнді оқыған студенттер қаржы-экономикалық қатынастар жүйесін, спорт ұйымдарын, жарыстар мен құрылыстарды басқару негіздерін, қазіргі жағдайда спорт командасын қалыптастыруды үйренеді. Пәнді оқу барысында тыңдаушылар спорт саласындағы экономикалық үдерістердің ерекшеліктерін және спорттық ұйымды басқару тәсілдерін, сондай-ақ спорттық ұйым мен спорттық жарыстың бюджетін жоспарлауды, спорт ғимараттарын есепке алу және сертификаттау, спорт командасындағы жанжалдарды шешу тәртібін біледі. Спорт экономикасы мен менеджмент, маркетинг саласында алынған құзыреттер студенттерге еңбек нарығындағы артықшылықтарды күшейте отырып, спорттық ұйымдарға жұмысқа орналасуға мүмкіндік береді.
Оқу құралы «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасында оқитын студенттерге, жаттықтырушылар мен оқытушыларға арналған.




Есиркепов Ж.М., Омаров Б.С. Кәсіби және балалар-жасөспірімдер спортын оқыту негіздері / Оқулық. - Алматы: «ADAL KITAP», 2025. - 352 б.
ISBN 978-601-384-273-8


Оқулықта кәсіби спорт пен балалар-жасөспірім спортындағы теориялық және ғылыми негіздер кешенді түрде қарастырылады. Спорт мектептеріндегі жаттығу үдерістерінің ерекшеліктері, жаттықтырушыларға арналған құжаттамалық талаптар, сондай-ақ қызметтік және тәрбие бағытындағы іс-шаралар мен танымдық тақырыптар жан-жақты зерттеледі. Сонымен қатар, кәсіби спорттың теориялық негіздері мен ерекшеліктері, сондай-ақ АҚШ, Еуропа және Қазақстандағы кәсіби спорттың даму үдерістері талданады.
Оқулық «Дене мәдениеті және спорт», «Дене мәдениеті және бастапқы әскери дайындық» білім беру бағдарламалары бойынша оқитын студенттер мен магистранттарға, сондай-ақ жоғары оқу орындарында дәріс жүргізетін оқытушыларға арналған.



Есіркепов Ж.М., Омаров Б., Сабденбеков Е.У., Бекбосунов А.Қ.Оқу орындарында спорт секцияларын ұйымдастыру негіздері / Оқу құралы. – Алматы: ADAL KITAP, 2022 – 130 бет.
ISBN 978-601-269-196-2

Бұл оқу құралында оқу орындарында спорт секцияларын ұйымдастырып, жүргізу әдістері, негізгі құжаттар тізімі, балалардың жас ерекшеліктеріне қарай спорт топтарына бөлу, жас спортшылардың дене дайындығын арттыру, дәрігерлік бақылау, өзін-өзі бақылау және жарақаттанудың алдын алу туралы тақырыптар кеңінен қамтылады. Жоғары білімді маманға қажетті теориялық мағлұматтар, спортшының өзін-өзі тәрбиелеуі, мектептегі төменгі дене тәрбиесі ұжымының тәрбиелік рөлі, мектептен және сыныптан тыс уақытта өткізілетін спорттық іс-шаралар түрлері, спорт үйірмелерінде техника қауіпсіздігін сақтау ережелері, спорт клубтарының жұмысы ұғымды, ұтымды, тартымды тілмен баяндалған.
Оқу құралы «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасында оқитын студенттерге, оқытушылар мен мектеп мұғалімдеріне арналған.

	Есиркепов Ж.М., Анарбаев А.К. Фитнес негіздері / Оқулық. - Алматы: «ADAL KITAP», 2025. - 260 бет. ISBN 978-601-384-272-1
	«Фитнес негіздері» оқулығы дене тәрбиесі және фитнес саласында білім алғысы келетін барлық жастағы адамдарға арналған. Оқулықта фитнес жаттығуларының негізгі принциптері, дұрыс тамақтану, жаттығу техникасы және әртүрлі дене жаттығуларының түрлері туралы кең көлемде ақпарат ұсынылады. Сонымен қатар, шұғылданушылардың дене дайындық деңгейіне қарай жаттығу бағдарламаларын құру, жарақаттардан қорғану тәсілдері және фитнес мақсаттарына жету жолдары қамтылған. Бұл оқулық фитнеске қызығушылық танытқан адамдарға, студенттерге денсаулығын жақсартуға, күш-қуатын арттыруға және өмір сапасын көтеруге арналған пайдалы ақпарат береді.
	Ермаханов Б.Ө. Дзюдо күресімен шұғылданатын жасөспірім балуандардың дене қасиеттерін жетілдірудің маңызы. Монография. – Алматы: «ADAL KITAP» баспасы, 2024. – 149 б. ISBN 978-601-7526-24-5
	Бұл монографияда дзюдо күресімен шұғылданатын жасөспірім балуандардың дене қасиеттерін жетілдірудің ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары қарастырылған. Сонымен қатар, дзюдошы балуандардың оқу-жаттығу үдерісін энергетикалық қамтамасыздандырылуы, жылдамдыққа тәрбиелеу әдістемелерінің эксперименттік негіздері, дене қасиеттерін тәрбиелеу әдістері баяндалған. Жылдамдық-күш даярлығы ғылыми-тәжірибелік зерттеу жұмысымды (эксперименттік) дайындық сатысында, Ә.Нұрмаханов атындағы кешенді олимпиада ізбасарларын даярлайтын спорт мектебі ұжымында 8 апталық оқу-жаттығу үдерісі жағдайында жасөспірім дзюдошылардың жаңа маусымға дайындалу кезінде жүргізілген болатын. Бұл кезеңде негізгі мақсат балуандардың функционалдық жылдамдық-күш дайындығының деңгейін арттыру болып саналады. Бұл монография аталмыш тақырып аясында ғылыми-зерттеу жүргізетін зерттеушілер үшін, сондай-ақ, дене мәдениеті және спорт саласындағы білімгерлер, магистранттар мен докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарында қолдана алатын құнды еңбек болады деген үміттеміз.



Дже Роберто Месса, Франко Масетти 1001 шахмат жаттығулары. - Алматы: ADAL KITAP, 2024 - 129 б.
ISBN 978-601-384-323-0
кенов П.С., Курманбекова А.С. Жеңіл атлетиканың лақтыру және итеру түрлерінің тарихы мен орындалу техникасының негіздемесі: оқулық / П.С. Джекенов, А.С. Курманбекова - Алматы: «Alash Book», 2024. – 180 б.
ISBN 978-601-383-049-0

Қолыңыздағы кітап шахматты жақсы ойнауды үйренуге бел буғандарға арналған әлемге белгілі шахматшылардың бірегей басылымы. Жаңадан бастаушыларға арналған баға жетпес оқу кітабі және тәжірибелі шахматшылар үшін бос уақытта оқуға арналған тамаша нұсқаулық. Әрбір коллекционерге қажет кітап.
Мұнда артық ештеңе жоқ, тек қызықты практикалық тапсырмалар мен оларға түсініктемелер берілген, бұл сізге көп күш жұмсамай күрделі теория мен терминологияны игеруге көмектеседі. Дұрыс жазылған материал сізге бір мысалды шешудің бірнеше нұсқаларын ұсынуға мүмкіндік береді.
Кітап ағылшын, орыс және итальяндар тілдерінде бестселлер болып есептеледі. Тұңғыш рет қазақ тіліне аударылып отыр.



Омаров Б., Омаров Б., Мамиков С., Калдарова Б., Ажибекова Ж.Основы искусственного интеллекта в области спорта. – Алматы: «ADAL KITAP», 2025. 497 бет.
ISBN 978-601-384-266-0

Учебник «Основы искусственного интеллекта в области спорта» представляет собой фундаментальное исследование, посвящённое применению ИИ в тренировочном процессе, спортивной медицине, аналитике, судействе и управлении. В ней рассматриваются современные технологии, включая машинное обучение, компьютерное зрение и цифровых двойников, а также этические и правовые аспекты. Издание адресовано студентам, тренерам, аналитикам, управленцам и всем, кто интересуется трансформацией спорта в условиях цифровой эпохи. Книга способствует формированию целостного понимания того, как ИИ способен повысить эффективность и справедливость в спортивной сфере.



Қабылбай Р.Б. Қазақ және әлем оркестрлік музыкасының екі фортепианоға өңделген үздік шығармалары = Шедевры казахской и мировой оркестровой музыки в переложении для 2-х фортепиано: жинақ / өңдеген және құрастырған Р.Б. Қабылбай. – Алматы: «ADAL KITAP», 2026. 54 б.
ISBN 978-601-384-499-2

Ұсынылған жинақ – бастаушы дирижерлерге, әсіресе дирижерлік бөлімнің студенттеріне, сондай-ақ Халық дирижері мамандығы бойынша қысқа мерзімді дайындықтан өткендерге арналған қосымша оқу құралы. Бұл басылымның негізгі мақсаты базалық репертуарды игеруге жәрдемдесу, сондай-ақ қазақ музыкалық мәдениетінің бай мұрасына сүйене отырып, дирижерлеудің берік практикалық дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Жинаққа екі фортепианоға арналған белгілі қазақстандық композиторлар мен аранжировщиктердің таңдаулы шығармаларының аудармасы кіреді. Бұл формат оқушылардың назарын шығармалардың ырғақты құрылымына, сөз тіркестеріне және динамикасына аудара отырып, толық оркестр болмаған жағдайда материалды тиімді пысықтауға мүмкіндік береді. Музыкалық негіз ретінде ұлттық симфонизмнің танымал шеберлері А. Жұбановпен А. Мырзабеков оркестрлеуіндегі партитуралар, сондай-ақ ұлттық дәстүрлі қазақ әуенінің білгірі Н. Тілендиевтің ерекше композициялары пайдаланылды.



Какежанов Е., Басықара Е. Домбыра-примаға лайықталған шетел композиторларының шығармалары / Хрестоматия – Алматы: «ADAL KITAP» баспасы, 2024. – 98 бет.
ISBN 978-601-09-1279-3

Ұсынылып отырған хрестоматиядағы шығармалар алғашқы рет домбыра-примаға лайықталып, нотаға түсірілген.
Бұл еңбек республиканың музыка колледждері мен жоғарғы оқу орындарында домбыра-прима мамандығы бойынша білім алатын студенттердің оқу, концерттік репертуарын толықтырып, кеңейту және орындаушылық деңгейін өсіру үшін өте қажет оқу құралы болады деп ойлаймыз.



Басықара Е., Құдайбергенов А. Шертерге лайықталған шығармалар. Хрестоматия. - Алматы: ADAL KITAP, 2022 – 104 бет.
ISBN 978-601-80922-5-1


Бұрын авторлардың «Шертерде күй шертейік» атты хрестоматиясы (күйлер) жарық көрген болатын. Бұл – «Шертерге лайықталған шығармалар» хрестоматиясы – екінші еңбектері.

Кітаптың мазмұнына оқу үрдісінде орындалып жүрген Қазақстан мен шетел композиторларының кейбір шығармаларымен қатар, шертер аспабында бұрын орындалмаған, жаңадан лайықталып түсірілген шығармалар да енген.

Шығармалар шертер аспабына ыңғайлы лайықталып, аппликатурасы қойылып, динамикалық бояулары толықтырылып редакцияланған.

Ұсынылып отырған жинақ құрылымы мен мазмұны жөнінен жоғары оқу орындары мен музыкалық колледждерде оқытылатын шертер мамандығы пәнінің оқу бағдарламасының репертуарына сай келеді.

Болашақта бұл кітап шертер аспабының оқу және концерттік репертуарларын кеңейту үшін өте қажет еңбек болады деп ойлаймыз.



Амреев Е.А. Қазақстан композиторларының шығармалары. Контрабас және фортепианоға арналған. – Алматы: ADAL KITAP, 2025 – 93 б.
ISBN 978-601-7848-63-7

Қазақстан композиторларының контрабасқа арналған шығармалар жинағы музыкалық жоғары оқу орындарының, орта білім беретін оқу орындарының, оның ішінде, колледж, арнайы мамандырылған музыка мектептерінің білім алушыларына арналған. Жинаққа Қазақстан композиторларының он тоғыз пьесасы енгізілді. Еңгізілген пьесалар оқу орындарының оқыту бағдарламаларында, байқау репертуарларында кеңінен орындалып жүр.




Жусупова С.С. Орындаушылық өнер тарихы: «Аспаптық орындаушылық» Білім беру бағдарламасы «Ішекті аспаптар» бейіні бойынша дайындалған оқу құралы / С.С. Жусупова. – Алматы: «ADAL KITAP», 2025. – 297 с.
ISBN 978-601-384-176-2

Оқу құралы студенттердің ішекті-ысқылы өнер тарихын жан жақты оқып білуіне, көркемдік ой-өрістерін дамытуына, өз мамандығы саласына қатысты әртүрлі стильдер мен бағыттарды тани білуіне ықпал етеді. Оқу құралында QR-код көрсетілген. Барлық теориялық материалды (QR-код Автордан кейін) және әр дәрістің бейне және аудио материалдарды көрсетілген QR-код көмегімен көруге, жүктеуге болады. Оқу құралы студенттерге Орталық Азия және Еуропалық ішекті-ысқылы өнердің қалыптасуы мен дамуының алғашқы кездерінен бастап, XX ғасырдың соңғы онжылдықтарына дейінгі аралықта орын алған күрделі үдерістерді жақсы білуге, оның негізгі көркемдік үрдістерін сезінуге, орындаушылық және композиторлық практикадағы озық құбылыстарды бағалауға көмектеседі.
Музыкалық ЖОО-да ішекті аспаптардың оқу топтары өзара жақын мамандандырулар — скрипка, альт, виолончель және контрабас аспаптары студенттерінен тұрады, сондықтан дәрістер курсы осы аспаптардың барлығына арналған.



Алдиярова З.Г., Имангазина А.Ж. Овсиенко А.С. Физика есептер жинағы: оқу құралы. – Алматы: «ADAL KITAP», 2025. – 240 б.
ISBN 978-601-384-417-6

Оқу құралы ӘҚК ӘИ курсанттары үшін оқу жоспары мен оқу бағдарламасына сәйкес әзірленген. ӘҚК Әскери институтында әскери мамандарды даярлау бойынша МЖМБС - на сәйкес жасалған.
ӘҚК Әскери институтының 16.04.2025 жылғы №6 хаттама мен оқу-әдістемелік кеңестің отырысында оқу процесінде қолдануға ұсынылды және қаралды.




Ш.Д. Белгожаева, М.Е. Жандыбаева.ФИЗИКА пәні бойынша студенттерге арналған әдістемелік нұсқаулық. «ADAL KITAP», 2025. 167 бет.
ISBN 978-601-384-155-7

ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ: Физика пәнінің оқу жоспарына сәйкес жасалынған.
Әдістемелік нұсқаулық колледж студенттеріне арналған көмекші құрал.
Бұл әдістемелік нұсқаулық Физика пәні бойынша білім алушының мүмкіндіктерін қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануды қамтамасыз етеді.
Жаратылыстану -математика бағытындағы физика курсының мақсаты:
* негізгі физикалық теорияларды жүйелеп оқыту;
* кәсіби құзыреттерді қалыптастыру үшін теориялық база құру;
* дүниенің физикалық бейнесінің негізінде ғылыми көзқарасты қалыптастыру;
* білім алушылардың логикалық ойлауын және шығармашылық дамыту қабілеттілігін басқаруға мүмкіндік береді.



Макарова Е.Г. Физика и искусственный интеллект: методические подходы и практические решения. Методическое пособие. — Алматы: «ADAL KITAP», 2025. 68 стр.
ISBN 978-601-384-383-4

Методическое пособие посвящено актуальной проблеме интеграции технологий искусственного интеллекта (ИИ) в преподавание физики в школе. В условиях цифровизации образования и роста интереса к новым педагогическим инструментам ИИ открывает широкие возможности для повышения качества обучения, индивидуализации образовательного процесса и развития естественно-научной грамотности.
В пособии рассмотрены теоретические основы применения искусственного интеллекта в преподавании физики, представлен анализ мирового и отечественного опыта, определены методические принципы интеграции цифровых технологий в уроки. Особое внимание уделено инструментам и сервисам ИИ, которые могут быть использованы учителем: чат-ботам, генеративным моделям, системам тестирования, интеллектуальным платформам визуализации и диагностики знаний.



Koichi Koganezawa and Azamat Yeshmukhametov. Robot Kinematics and Control. - Almaty: ADAL KITAP, 2023 - 118 p.
ISBN 978-601-7681-25-8

This educational book is recommended for undergraduate and postgraduate students of Mechanical Engineering and Robotics Engineering. It comprehensively covers fundamental theories of mechanics, including the formulation of forward and inverse kinematics, and control methods for robotics engineering. The book also features practical examples of real-world robot kinematics solutions and calculations. The aim of this book is to provide an up-to-date and comprehensive overview of the essential concepts and methods in robot kinematics and control, and to serve as a valuable resource for students, researchers, and practitioners in the field.



Кошанова Г.Д. «Медиа білім негіздері». Оқу құралы. — Алматы: ADAL KITAP, 2025– 145 б.
ISBN 978-601-384-076-5

Мектеп информатикасының оқыту мақсаты оқушылардың ақпараттық сауаттылық, медиасауаттылық және медиамәдениетін дамытуға бағытталуы керек.
Осы мақсатқа сәйкес оқу құралында Қазақстандағы және шетелдік медиа білім берудің тарихы, теориясы мен әдістемесі мәселелері, тұжырымдамалары талданған. Мектеп информатикасын оқытуда оқушылардың медиасауаттылықтарын қалыптастыру бойынша тәжірибелік зерттеу жұмыстары келтірілген.
Еңбек білім беру мекемелерінің ұстаздары мен білім алушылары және медиа білім беру мәселелеріне қызығушылық танытатын оқырмандар үшін пайдалы болады.



Саханова Г.Б., Момынкулова С.М., Измаханова А.К.
Электрондық үкімет: оқу-әдістемелік құралы / Г.Б.Саханова, С. М. Момынкулова, А.К. Измаханова, – Алматы: «ADAL KITAP», 2025. – 153 б. ISBN 978-601-384-356-8

Басылымда азаматтар мен заңды тұлғаларға электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде электрондық үкіметті құру және оның жұмыс істеуін ұйымдастыру, мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында ведомствоаралық және ішкі электрондық құжат айналымын ұйымдастыру мәселелері бойынша ұғымдар, терминдер мен анықтамалар қамтылған.
Оқу-әдістемелік құралы «Мемлекеттік және жергілікті басқару» білім беру бағдарламасының бағыты бойынша оқитын жоғары оқу орындарының студенттеріне, сондай-ақ «Менеджмент» бағытындағы студенттерге және мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметінде заманауи құжаттамалық технологияларды қолдану мәселелеріне қызығушылық танытатын оқырмандардың кең ауқымына арналған.
Оқу-әдістемелік құралында электрондық үкіметтің теориялық негіздері, мемлекеттік қызметшілердің цифрлық құзыреттері, жасанды интеллект негізінде технологияларды пайдалану, дизайн-ойлау, азаматтардың басқару органдарымен өзара іс-қимылының заманауи нысандары ретінде «клиентоцентризм» бастамасы, заңнамалық база және электрондық үкіметтің техникалық-құзыреттілік құралдары қарастырылған.
Оқу-әдістемелік құралында дәріс материалдары, әр тақырып бойынша қайталау(тақырыпты бекіту) сұрақтары және дәріс материалдарын бекітуге арналған тест тапсырмалары бар.




Абильхасенова А.С. Бухгалтерлік есепті автоматтандыру. Оқу құралы. - Алматы: «ADAL KITAP» баспасы, 2024. 271 бет.
ISBN 978-601-7533-77-9

Бұл оқу құралы Қазақстан үшін 1С бухгалтерия бағдарламалық өнімі бойынша жәрдем болып табылады. Оқу тәжірибелік құралында Қазақстан үшін 1С бухгалтерия бағдарламасын орнату тәртібі, жұмысты бағдарламадан бастау тәртібі көрсетілген.
Оқу құралында кәсіпорында жұмысты бағдарламадан бастауды ұйымдастыру қарастырылып, сонымен қатар «1С 8.3 бағдарламасы бойынша бухгалтерлік есепті автоматтандыру» пәні бойынша тәжірибелік сабақтарды өткізу үшін тапсырмалар ұсынылған.
Келтірілген бір-бірімен байланысты тәжірибелік тапсырмалар виртуальдық кәсіпорының мысалында алынған. Тапсырмалар ақша қаражаттарының есебі, қорлар есебі, ұзақ мерзімді активтер есебі, дебиторлық және кредиторлық берешектер есебі сияқты, есептің негізгі объектілерін қамтиды. Тапсырмалар 1С Бухгалтерия 8.3 бағдарламасында жұмыс істеу үшін бейімделуге, оларды бухгалтерлік өңдеуге және есептік құжаттарды құру бойынша білім мен дағдыны қалыптастыруға жәрдемдеседі.
Оқу құралы бухгалтерлік есеп жүргізу тәртібі мен теориясын өз еркімен үйренушілерге, жедел курстардың тыңдаушыларына, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының, студенттеріне арналған.




Дүйскенова Р.Ж. Цифрлық экономика жағдайында аймақтық әлеуметтік-экономикалық жүйелерді дамыту / Монография. Р.Ж. Дүйскенова.– Алматы: «ADAL KITAP» баспасы, 2024. – 191 б.
ISBN 978-601-08-3995-3

Қазіргі таңда экономиканы цифрландыру әртүрлі көріністермен қамтылған әлеуметтік – экономикалық үрдістің ең көп талқыланатын аспектілерінің бірі және цифрландыру аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуының орасан зор қозғалтқыштарының бірегейі болып табылады. Цифрлық экономиканың негізінде сандық ақпараттарды жинаудың, өңдеп жеткізудің бағдарламалық құралдарын әлеуметтік қатынастардың экономикалық қызметтерінің барлық салаларына пайдалану қабілеті айқындалған. Қазіргі кезде экономиканы цифрландыру – экономиканың қазіргі салаларын және мемлекеттік құрылымдарды цифрландыру, технологиялық қайтадан жабдықтау жобаларын қайта жаңғырту, нақты секторлардағы күрделі жобалардан тұратын прагматикалық бағыттарды қамту, цифрлық инфрақұрылымды дамыту барысындағы қажеттілігін оқыту салаларында аса маңызды.




Кулмаганбетова А.С., Рахметулина Ж.Б., Бабажанова Ж.А. Креативті экономика / Оқу құралы. – Алматы: «ADAL KITAP» баспасы, 2024. – 180 б.
ISBN 978-601-7681-95-1

Оқу құралында «Креативті экономика» пәні бойынша теоретикалық материал қамтылған, іс-тәжірибелік сабақтардың жоспары мен бақылау тапсырмалары, әдебиеттер тізімі ұсынылады. Оқу құралы барлық мамандық білімгерлеріне арналған.




Утебаев Д.С., Асанова Ж.А. Қазақстан тарихы. Оқу құралы. – Алматы: «ADAL KITAP», - 2025. -188 б.
ISBN 978-601-384-219-6

Оқу құралы Қазақстан тарихының ежелгі дәуірінен, қазіргі кезеңге дейінгі уақыт аралығын толығымен қамтиды. Оқу құралы жоғары оқу орындарының курсанттарына, сондай-ақ Қазақстан тарихына қызығушылық танытатын қалың оқырман қауымға арналған.




Ракимжанова С.К., Какимжанова М.К. Мәдениеттану / Жоғары оқу орындары мен колледж студенттеріне арналған оқулық. - Алматы: «ADAL KITAP» баспасы, 2024. - 271 б.
ISBN 978-601-257-473-9

Мәдениеттану пәнінен оқулық Қазақстан Республикасындағы оқыту тәжірибесі мен оқу бағдарламасына сәйкес жасалған. Бұл оқулықта мәдениеттану ілімінің теориялық қағидалары әлемдік және отандық мәдениеттің үлгілерін ондағы негізгі мәселелер мен тұжырымдар қарастырылған. Сонымен қатар, мәдениеттің дамуының тарихи үрдістеріне тоқтала отырып, мәдениеттану ілімінің жалпы даму заңдылықтары анықталған. Оқулықта келтірілген тұжырымдардың, мәдениеттанулық пайымдаулардың жаһандану қоғамында жастарды руханилыққа, отаншылдыққа тәрбиелеуде маңызы айрықша. Оқулық студенттер мен оқытушыларға, ғылыми қызметкерлерге және мәдениет мәселесімен айналысатын көпшілік қауымға арналған.формирования профессиональных компетенций в области риск-менеджмента.



Асанова Ж.А. Мәдениеттану. Оқу құралы. – Алматы: «ADAL KITAP», 2025. – 143 б.
ISBN 978-601-384-219-6



«Мәдениеттану» оқу құралы ҚР БҒМ бекіткен типтік бағдарламаға сай (№ 603, 31.10.2018) орындалған. Оқу құралында әлем және қазақ мәдениетінің рухани, этикалық, діни және әлеуметтік құндылықтарына, олардың тарихи дәуірлер арасын жалғастырушы сабақтастық рөліне және тәуелсіз Қазақстан мәдениетінің бүгіні мен болашағына тарихи және мәтіндік талдау жасалады. Оқу құралы құқық қорғау органдары бакалаврларына және мәдениеттануға қызығушылық танытатын оқырман қауымға арналған.




Шохаева К.Н.Іскерлік коммуникациядағы сөйлеу стилінің прагматикалық қырлары. Монография. – Алматы, «ADAL KITAP», 2025. – 200 б. ISBN 978-601-384-419-0

Монографияда Іскери қарым-қатынасқа түсуші адамдарды биоәлеуметтік ерекшеліктер тұрғысынан зерделеу, тілді қолданудың формасын, соған сай лингвистикалық заңдылықтарды игеру қажеттілігін көрсету зерттеу жұмысының өзектілігін танытады.Сөйлеу тілі мен прагматиканы «адам – тілдік бірліктер – қолдану» үштігі аясында қарастырып, сөйлеу мәдениеті мен табысты коммуникацияға жетудің жолы ретінде зерделейді.


Іскери қарым-қатынасқа тән риторикалық категорияларды, кәсіби сөйлеудің ерекшеліктерін, сөйлеу мен психологияның байланысын, прагматика мен стилистиканы, тіл мен мәдениетті сабақтастырып, іскери қарым-қатынаста басшылыққа алатын ұстанымдарды айқындайды. Сөйлеуді әлеуметтік қызмет тұрғысынан арнайы зерттеу – бүгінгі күні өте өзекті мәселе. Әсіресе, іскери қатынаста адамдардың қоғамдасуына, бірлесуіне қызмет атқаратын сөйлеу заңдылықтарын зерттеу аса маңызды. Қоғамның барлық саласында және қоғамның барлық мүшесі іскери қатынастағы сөйлеу әрекетіне түседі. Іскери қарым-қатынастың риторикалық, коммуникативтік, прагматикалық, стилистикалық аспектісін кешенді әрі жеке зерттеудің әдіс тәсілдерін анықтауға мүмкіндік береді. Монография прагмалингвистика, дискурс, әлеуметтік лингвистика, лингвомәдениеттану, лингвостилистика, прагмастилистика, мәдениетаралық коммуникация, ағылшын және қазақ тілдерінің лексикологиясы бағытындағы білім алып жүрген магистранттар мен студенттерге пайдалы болмақ.

	Тлеулесова А.Ш., Амангелді А.А. Қазақ тілі (оқу құралы) – Алматы: ADAL KITAP баспасы, 2023 ж. – 200 бет. ISBN 976-701-256-147-9
	Оқу құралы жоғары оқу орындарының қазақ тілін В1 (орта) деңгейі бойынша меңгеретін барлық мамандықтың студенттеріне арналып құрастырылды. Құралдағы тапсырмалар студенттің қазақ тілінде сөйлесе білуіне, әңгіме құра алуына, жан-жақты білікті маман ретінде өмірдің кез келген саласы бойынша тұжырым жасай алуына, сөздік қорын молайтуына, сөйлеу шеберлігін қалыптастыруға көмектеседі. Оқу құралында берілген мәтіндер негізінде студенттер мамандық бойынша тың ақпарат алып, өз ой-пікірін, көзқарасын нақты, анық жеткізуге дағдыланады. Студенттің оқу материалын толық түсініп, игеруі үшін оқытудың түрлі әдіс-тәсілдері қолданылды. Ұсынылып отырған еңбекте тілдік қатысымның төрт деңгейі де (оқылым, айтылым, тыңдалым, жазылым) қамтылған. Оқу құралындағы барлық материалдар 3 триместрге жіктеліп берілді.
	Иламанова М.А., Кенжигалиева Г.М., Юсупова К.У. Қазақ тілі бойынша дидактикалық материалдар. Оқу-әдістемелік құрал. / Алматы: ADAL KITAP, 2022.- 133 бет. ISBN 978-601-80937-8-4
	Оқу орыс тілінде жүретін мектептер үшін. Бұл оқу-әдістемелік құрал оқу орыс тілінде жүретін мектептердің қазақ тілі пәні мұғалімдеріне арналған. Жинақтағы мәтіндер, тапсырмалар қазақ тілінің бағдарламасы бойынша лексика-грамматикалық тақырыптарға сай құрастырылған. Әр тақырыптан кейін қорытынды сұрақтар, грамматикалық тапсырмалар, сызба, кесте түрінде ережелер берілген.




Мауленов А., Нүсіпәліқызы А. Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі мифтік таным мен пайым. Монография. - Алматы: «ADAL KITAP» баспасы, 2024. 221 бет.
ISBN 978-601-7681-80-7

Қазіргі таңда қазақ прозасындағы орын алып отырған мифологиялық және неомифологиялық үрдістерді зерттеу, оның мән маңызын ашып көрсету өзекті мәселелердің бірі. Шығармаларда қозғалатын негізгі авторлық идеялар қаламгер ашатын шынайы жаңашыл мазмұнмен байланысты. Сондай-ақ, ұлттық дәстүрге арқа сүйей отырып, әдебиеттегі соны бір сүрлеуге алып келетін өзгеше бір көркемдік форманың қалыптасуына жол ашып отыр. Бұл еңбекте көркем әдебиет пен мифтің өзара қатынасын қарастырудың эволюциялық және типологиялық даму жолдары сараланып, бағыт-бағдарлары қарастырылады. Мифтің көркем шығармаға трансформациялану мен интерпретациялану ерекшеліктері айқындалып, неомифологизмнің өзіне тән айрықша белгілері зерделенеді.
Миф пен әдебиеттің синтезінен өрілген қазақ әңгімелерінің ұлттық таным мен пайымға негізделген түрлері жан-жақты сараланады. Қазіргі қазақ көркем әңгімесіндегі архаикалық мифтердің авторлық мифке айналу үдерістері туралы ғалымдар пікірлерімен келісе отырып, тұжырымды түйіндемелер жасалынады.
Кітап көпшілік оқырманға, жоғары оқу орындары студенттері мен магистранттарына және докоранттарына арналған.



Қанарбаева Бақытқамал . Мағжан поэзиясындағы тәуелсіздік тақырыбы. Алматы: ADAL KITAP, 2026. – 336 б.
ISBN 978-601-384-310-0


Аталған еңбекте, Европа және орыс әдебиетінің озық үлгілеріне үңіле отырып, қазақ әдебиетін жетілдірудегі Мағжанның, көркемдік ізденістеріне баға беріледі. Шығыс сюжеттерін пайдалана отырып, қазақ әдебиетінде жаңа әдеби жанрлар жасау тәсілі талданады. Ауыз әдебиетінің жанрларын жаңғырта отырып, XX ғасыр басындағы қоғамдық қайшылықтарды бейнелей айтудағы әдеби әдістері айқындалады.
Аңыздар мен мифтерді, жазба әдебиетінде пайдалана отырып, кеңестік биліктің жіберіп отырған кемшіліктерін, бүкпелей бейнелеп, астарлай жеткізудегі әдеби әдістері ашылады. Ақын шеберлігіне баға беріледі. Кітап жоғары оқу орындарының студенттері мен магистранттарына, мұғалімдерге және XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті пәніне көмекші оқу құралы ретінде пайдалануға ұсынылады. Сондай-ақ Мағжан поэзиясының қыр-сырымен терең танысқысы келетін оқырмандар үшін де пайдасы зор.

	Досжан Р.К. Мәдени сабақтастық және жаңа идеялар: қазақ ағартушыларының философиялық көзқарастары: Монография./ Досжан Райхан Қазыбекқызы – Астана: 2026. – 162 бет. ISBN 978-601-384-531-9 Монографияда XIX–XX ғасырлар тоғысындағы қазақ ағартушылары Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбайұлы және Шәкәрім Құдайбердіұлының философиялық мұралары жаңжақты қарастырылған. Еңбекте мәдени сабақтастық ұғымының тарихи-философиялық мәні, жаңа идеялардың қалыптасу алғышарттары мен олардың ұлттық руханияттағы рөлі талданады. Автор ағартушылардың ой-толғамдарын заманауи философиялық контексте сараптап, дәстүр мен жаңашылдықтың өзара байланысын көрсетеді. Монография қазақ мәдени-философиялық ойының эволюциясын ашып, рухани жаңғыру мен мәдени сабақтастықтың қоғам дамуына ықпалын теориялық тұрғыдан негіздейді. Аталған еңбек осы сала бойынша білім алушыларға, магистранттарға, докоранттарға және осы мәселеге қызығушылығы бар барша оқырмандарға арналған.
	Р.К. Досжан, Б.М. Аташ. Ғылым тарихы мен философиясы: оқу құралы. - Алматы: ADAL KITAP, 2022 – 115 бет. ISBN 978-601-08-2809-4 Бұл оқу құралында әлемдік ғылымның тарихы: Көне Мысыр, Ежелгі шығыс, Антика, Орта ғасыр, Қайта өрлеу, Жаңа заман мен XX ғасырдағы кезеңдері қамтылып, теориялық мәселелер бойынша: ғылым әдіснамасының мәселелері бағдарлама негізінде берілген. Оқу құралы философия мамандығы емес жоғары оқу орындарының барлық мамандықтағы магистрантарына және осы мәселелерге қызығушы көпшілік қауымға арналады.




Тойматаев Д.Б., Г.М. Есболаев. Ғылым тарихы мен философиясы: магистранттарға арналған оқу құралы./ Д.Б. Тойматаев., Г.М. Есболаев. – Алматы: «ADAL KITAP», 2025. – 313 б.
ISBN 978-601-384-089-5

Ұсынылып отырған оқу құралы жоғары кәсіпкерлік білім беру аясында мемлекеттік білім стандарттарына сәйкес, магистранттарға арналған. Бұл оқу құралымда ғылымның философиялық, методологиялық және тарихи мәселелері бойынша өзекті сұрақтары қамтылған.
Оқытушыларға, магистранттарға және ғылым саласындағы зерттеушілерге арналған. Сонымен бірге, философиялық категорияларды тиімді пайдалану, құқықты аналитикалық, арнайы құқықтық және заңнамалық зерттеуді тереңдете түседі.
Ғылым тарихы мен философиясын өзекті тақырыптар негізінде оқу құқықтың қоғам өміріндегі мәнін және маңызын түсінуге негіз бола алады. Ұсынылып отырған оқу құралы Ібжарова Ш.А., Зәурбекова Л.Р. «Ғылым тарихы мен философиясы» атты кітабына негізделіп құрастырылған. Әзірленген оқу құралы бағдарламаға сәйкес.



Кульжанова Ж.Т.Философия: учебное пособие для вузов и колледжей. – Алматы: ADAL KITAP, 2024 –315 с.
ISBN 978-601-269-194-8

Учебное пособие (второе издание с дополнениями) представляет собой один из вариантов учебников нового поколения по философии. От традиционных выгодно отличается лаконичностью изложения и направленностью на формирование навыков философствования в самостоятельном творчестве под руководством преподавателя. Задуманный как настольная книга студента, воплощает многолетний опыт авторского преподавания, состоит из пяти относительно самостоятельных частей, снабженных методическими рекомендациями.
Данное издание третье с дополнениями предназначено для студентов агротехнических специальностей и будет полезным всем интеллектуалам, интересующимся философией и философствованием.



Видершпан А.В., Кульжанова Г.Т. История и философия науки: Учебное пособие / А.В. Видершпан, Г.Т. Кульжанова. - Алматы: ADAL KITAP, 2023. – 245 с.
ISBN 978-601-7200-18-3

Предлагаемое учебное пособие написано в соответствии с новыми требованиями, содержащимися в государственных общеобязательных стандартах послевузовского образования. Для его разработки использованы учебные пособия отечественных и зарубежных авторов.

Пособие содержит материал по основным темам учебного плана. Использован опыт преподавания данной дисциплины в магистратуре.

Данное издание второе предназначено для магистрантов, студентов гуманитарных специальностей высших учебных заведений и всех, кто интересуется вопросами истории и философии науки, её сущности и специфики в человеческой культуре.




